Хаттама №1

Информатика және жасанды интеллект пәні бірлестігінің отырысы

25.08.2026 жыл

Қатысқан мұғалімдер: 12

Әбішева А, Досымова К, Досжанова Г, Дузумбетова А, Ержанова Д, Сәрсенбай, Сүттібаева С, Рысбаева А, Қожабергенова С, Құдайберген А, Байтұяқова Т, Басығараева А.

Күн тәртібінде:

1. 2025–2026 оқу жылындағы пән бірлестігінің жұмысы бойынша қорытынды есеп.
2. ҚР Білім және ғылым министрлігі және Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының 2026–2027 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру.
3. Информатика және жасанды интеллект пәні бойынша 2026–2027 оқу жылына арналған тақырыптық жоспарларды бекітуге ұсыну.
4. Оқу жоспарларын талқылау, бекітуге ұсыну.
5. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Әбішева А өткен оқу жылын қорытындылап, кеткен кемшіліктерге тоқтала кетті. Оқушыларды ғылыми жоба, олимпиадаға қатыстыру,сонымен қатар басылымдарға мақала беру жайлы сөз қозғады. Жаңа 2026-2027 оқу жылының тақырыбы , мақсат, міндеті, жоспарымен таныстыра кетті.

Екінші мәселе бойынша 2025-2026 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/ docs/V220002903 1)

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 27 маусымдағы № 161 бұйрығы https://adilet. zan.kz/kaz/docs/

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы https://adilet. zan.kz/kaz/docs/

«Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығы https://uba.edu.kz/

«Қазақстан Республикасының Конституциясы» Конституция 2026 жылы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданды . https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000

Үшінші мәселе бойынша мұғалімдерге сағат жүктемелері бөлінді.

Әбішева А- 16 сағат

Досымова К – 16 сағат

Досжанова Г – 16 сағат

Дузумбетова А – 16 сағат

Ержанова Д- 10 сағат

Сәрсенбай А – 16 сағат

Сүттібаева С – 8 сағат

Рысбаева А – 10 сағат

Қожабергенова С – 10 сағат

Құдайберген А - 10 сағат

Байтұяқова Т – 16 сағат

Басығараева А – 14 сағат

Ағымдағы мәселелер бойынша пән мұғалімдерінің ұсыныстары тыңдалды. Биылғы оқу жылына арналған жұмыс жоспары аясында өзара ой бөлісіп, талқыланды.

Қаулы қабылданды:

1. 2026-2027 оқу жылына Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен толық танысып шығу.
2. Өткен оқу жылының қорытындысы есебі бойынша нәтижелердің жетілдіру жолдары пән мұғалімдеріне тапсырылсын.
3. 2025-2026 оқу жылына арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар бекітуге ұсынылсын.
4. Курс жоспарларын бекітуге ұсынылсын.

Бірлестік жетекшісі: Әбішева А.С.